

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Барлық басқа көркемдік көрсеткіштері сияқты символ да қандай да бір мағына мен нақты бір таңба қосындысы. Ақын шығармаларындағы символдар қазақ әдебиетінің табиғатына, жалпы ұлттық ойлау жүйесіне етене тән көркемдік құбылыстар екендігін көруге болады. Көркем шындықты бернелей көрсету, авторлық идеяны бернелендіріп отыру әдісі қазақ қаламгеріне ешқашан жат болмаған. Ұлттық әдебиеттегі көркем берне-символдың қалыптасу, орнығу барысы, әдеби мән-мазмұны мен көрінісін зерделеу белгілі дәрежеде көркемдік танымның да өзгеруі мен өсуін саралау болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов З. Сөз өнері.– Алматы, 1992.-219 бет.
2. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы.– Алматы, 1969.-123б.
3. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі.– Алматы: Ана тілі, 1995-272 бет.
4. Бақтыгереева А. Ақ шағала: Өлеңдер жинағы.– Алматы: Өлке, 2001-423 бет.

ӘОЖ 82.0/81'42

ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАРДЫҢ БАЯНДАУ ҚАБАТЫ

Кудретгуллаева Айнур Абдрашовна

ainura_15@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 1-курс магистранты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент М.Ахметова

Мәтін лингвистикасы мәселесі жалпы тіл білімінде, соның ішінде қазақ тілі білімінде үлкен бір серпіліс туғызған ерекше сала болып отыр. Соңғы жылдары тіл зерттеушілері бұл саланы түрлі қырынан саралай зерттеуге көңіл бөлуде.

Тіл зерттеушілерінің мәтінтану мәселесіне деген бұл бетбұрысы, шын мәнінде, тіл ғылымының дамуындағы сұраныстардан туып отыр. Себебі, соңғы жылдарда тіл білімінде қалыптасқан дәстүрлі грамматика үрдісіндегі жеке сөз бен сөйлем құрылымын жеке-дара зерттеу тіл табиғатын танудағы тұтастыққа едәуір нұқсан келтіріп отырғандығы айқындала бастап еді. Тіл білімінің бүгінгі қол жеткізген нәтижелері тұрғысынан қарап отырсақ, мәтінтану мәселесін сөз етуге деген ұмтылыстар қазақ тіл білімінің ғылым ретінде қалыптаса бастаған алғашқы кезеңінің өзінде назардан тыс қалмағандығы таң қалдырады. Мысалы, қазақ тіл біліміндегі қай саланың болсын дамуында өзіндік орны бар, ұлттық тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсыновтың еңбектерінде осы мәтінтану мәселесіне қатысты алғашқы көзқарас-пікірлерді кездестіреміз. Ғалым өзінің «Әдебиет танытқыш» еңбегінде мәтінді «шығарма сөз» деп атап, оның тақырыбы, жоспары, мазмұны және түрін көрсетіп, мазмұнда байқалатын негізгі үш түрге тоқталады. Олар: әуезе, әліптеу, байымдау. А.Байтұрсынов: «...бір адамды сөз қылуға алсақ, я ол адамның істеген ісін, айтқан сөзін әуезе қылып сөйлейміз, я тұлға-тұрпатын, кескінін, көркін айтып, пернесін әліптеп сөйлейміз, я болмаса ол адамның істеген істерінің, өзінің жақсы-жаман болғанының мәнісін, себебін тексере, байымдап сөйлейміз» - дейді [1,16]. Ал, мәтіннің психолингвистикалық негіздері Қ.Жұбановтың еңбектерінде көрініс тапқан. Қ.Жұбановтың пайымдауларына сүйенетін болсақ, «Кітаптың сөзі қисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады, қалай оқылса, солай түсініледі немесе түсініксіз күйімен қалып қояды. Мұнда жазған кісіден қайта сұрап алу мүмкіншілігі болмайды. Жазылған сөздің бөлшек-бөлшегін және тыныс белгілерін өте сақтықпен өз орнына қоймасаң, мұнда оның олқысын толтыратын ым да, дыбыс әні де жоқ. Сондықтан, әсіресе, жазылатын сөздің қалай құралу тетігін білу қажет» [2,148].

Мәтін лингвистикасының алғашқы құнды тұжырымдары ретінде қарауға болатын осы ой-пікірлерді терең зерттеп, дамытқан қазақ ғалымдары қатарына мәтін лингвистикасының

ұлттық тіл білімінде негізін салушы Т.Қордабаев, Р.Сыздықова, М.Серғалиев пен Б.Шалабайларды ерекше атап, солардың ізінен ерген С.Құнанбаева, Ж.Жақыпов, З.Ерназарова, Г.Әзімжанова, Д.Әлкебаева, М.Мәретбаева, М.Ахметова, Г.Әбікенова және т.б. қазақ лингвист-ғалымдарының есімін атауға болады. Айтулы ғалымдар тіл ғылымының бастауында тұрған А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбанов сынды ғалымдардың еңбектеріндегі мәтінтану идеясының өзектерін алып, әрі қарай дамытты.

Бүгінде А.Байтұрсынов жіктеген мазмұндық түр қазіргі қазақ тіл білімінде: әңгімелеу, суреттеу (сипаттау), ойталқы деп аталып, сараланып, ара жігі айқындала түсті. Айталық, әңгімелеу мәтінде айтылатын оқиғаның сюжетін баяндау. Ол мәтін динамикасын айқындайтын дамушы іс-әрекеттер, оқиғалар, құбылыстар, жағдайлар туралы хабарлайды. Әңгімелеуде автор оқырманмен байланыста болады. Әңгімелеу мәтіндеріне фабула мен сюжет ұғымдары тән [3,59]. Фабула – көркем мәтіндегі оқиғаны тарихи тұрғыда жүйелеп, мазмұндау. Кейде автор тарихи шындықты ретімен баяндамай, орын ауыстыру арқылы беруі де мүмкін. Фабула сыртқы мазмұн, жалпы оқиға желісі болса, сюжет ішкі мазмұн, жалқы оқиға. Сондықтан сюжет автордың шеберлігін талап етеді. Әңгімелеуде негізгі жүк баяншыға, яғни авторға түседі. Лингвист Т.П.Иванова мен М.П.Брандес «Стилистическая интерпретация текста» деген еңбегінде бұл композициялық-сөйлеу формасына «сипаттаудың» қосымша элементтерімен толықатын сыни-аргументтік мазмұндар тән екендігін атап көрсеткен [4,11].

Тіл білімінде мәтін лингвистикасы ғылыми жүйеге түскелі ғалымдар композициялық-сөйлеу формаларын түрліше жіктеді. Орыс тіл білімінде В.Виноградов әдеби бағыттарда бақыланатын композициялық-сөйлеу формасын тар шеңберде қарастырды. Ғалымның айтуы бойынша: «көркем-әдеби шығармалардың тілін қарастыру бір жағынан, сөйлеудің композициялық типтерін көркем шығармашылық шеңберінде, олардағы негізгі лексикалық тілдік қабаттарды және әр түрлі композициялық-тілдік формаларды қабылдауды үйрету сияқты, ал екінші жағынан, құрылымдық жағынан ерекше болатын шығармалардағы іштегі ойды сөздік тұрғыдан ұйымдастыру типтерін үйрету» [5,70]. Ал, А.Кухаренко стилистикада біз үш түрлі композициялық-сөйлеу формасын қолданамыз дей келе, оларды «баяндау, сипаттау, әңгімелеу» деп саралай түседі [6,32].

Шынында, автор оқиға желісін қай уақытта, қандай өлкеде өтетіндігін сипаттай әңгімелеуі мүмкін. Әңгімелеу мәтінін арнайы зерттеген М.Мәретбаева өз монографиясында жақтық мәнді әңгімелеу жайында: «...жақтық мәнді әңгімелеу мәтіндеріндегі субъективтілік кейіпкердің іс-әрекетіне, соған қатысты баяндалатын оқиға-жағдайға тәуелді болса, оқиғалы әңгімелеу мәтіндеріндегі объективтілік объективтік уақытқа тәуелді болады», - деп түсіндіреді [7,107].

Мысалы, «Алпамыс батыр» жырындағы мына мәтін бөлігіне назар аударайық:

Бұрынғы өткен заманда,

Дін мұсылман аманда,

Жиделі Байсын жерінде,

Қоңырат деген елінде

Байбөрі деген бай бар екен.

Байбөрі малға бай екен,

Бір перзентке зар екен... - деп басталады.

Яғни, мәтінде алдымен негізгі оқиға өрбитін жерді, елді таныстырып, негізгі кейіпкердің бейнесін ашуға көмектесетін детальдар келтіре отырып, Байбөрінің әлеуметтік тұрмысын сөз етеді. Сол арқылы оқырманды мәтіннің өн бойындағы оқиға тұтастығына қарай жетелейді. Кез-келген батырлар жырын алсақ, жырдың басталуы әңгімелеу үлгісінде жазылады. Мәселен, 1940 жылы Н.Байғаниннің нұсқасы бойынша жазылған Төрехан батыр жырын алайық. Жырдың басы проза түрінде берілген. «...Қырық тоғызға шыққан жылы Сәуле жүкті болып, бір ұл, бір қыз – егіз бала тапқан. Ұлдың атын Төрехан да, қыздың атын Ханбибі қойыпты. ...Әкесі өлгенде Егізбай жиырма үште де, Сегізбай жиырма бірде еді, ал ханның кенжесі Төрехан он тоғыз жаста болатын. Хандық жайын сөйлескенде,

...Төреханның түп нағашысы хан Нұрадын текті еді, хан тағы Төреханға лайық еді...». Демек, осы проза түрінде берілген мәтін бастауы Төреханның дүниеге келуі, қазіргі жас шамасын, хандыққа отыру себебін баяндап, әңгімелеу формасында берілген.

Ал, мәтіндегі сипаттау (суреттеу) – көркем мәтіндегі кейіпкердің сырт келбетін, іс-әрекетін, оқиға жүріп жатқан өлкені, не табиғатты көркем бейнелеу. С.С.Одинцовтың пікірінше, сипатталатын құбылыс суреттерінің реттілігі арқылы берілген микромәтіндер, уақыттың белгілі немесе шектеулі тұстарында болған құбылыстардың белгілерін санамалап суреттеу сипаттау деп аталады [6,33]. Т.Ф.Гостева «Лингвостилистические особенности и текстообразующий потенциал пейзажных описаний в американской прозе XIX-XXI в.в.» атты кандидаттық диссертациясында сипаттаудың негізгі статикалық және динамикалық екі түрін көрсетеді.

Статикалық сипаттауда заттардың (нәрселердің) сапа тұрғысынан аныкталатын бейнелері ұзақ уақыттар бойы өзгеріске түсе қоймайтындығымен ерекшеленеді. Динамикалық суреттеулерде белгілі бір уақыт аясында уақиғаға қатысты түрлі өзгерістердің орын алуы сипатталады. Бұл жөнінде қазақ тіл білімінде М.К.Ахметованың «Көркем мәтіндегі суреттеу» атты монографиясы жарық көрді [7, 74]. Зерттеушінің ойы өзге ғалымдар пікірімен бір арнада тоғысып, статикалық және динамикалық деп суреттеудің екі формасын бөліп көрсетеді.

Сипаттау мәтініне мысал келтірер болсақ:

*...Жақындап күн шығуға қалды таң да,
Көрініп анау-мынау жақын маңда.
Болғанда-ай көзге түсіп қалатұғын,
Мен келдім паналауға бір көп тамға.
Күн шығып, сәске болды быж-быж қайнап,
Қойшылар өрістетті қойын айдап.
Жағалай өрлей қонған қалың ауыл
Шаңдатып бие қуып, жем байлап.
Бір кезде ақ киімді, ақ боз атты,
Ақсақал қыр мұрынды, ұзын жақты.
Боз атты қамшысымен сипай салып,
Ырғатылып, аяңдатып келе жатты... (Қарға батыр).*

Берілген мысалдағы пейзаж – *таң атып*, күн ұясынан шығып, табиғатпен бірге оянған ауыл тынысының берілуі, портрет – *ақ боз ат мініп, өріске шыққан ақсақал* бейнесі. Ақсақалдың статикалық бейнесі – «*ақ киімді*», «*қыр мұрынды*», «*ұзын жақты*» деген бейнелі сөздер арқылы жасалса, кейіпкер боз атын қамшымен сипап, ырғатыла қозғалып, аяңдатып, баяу жүруі динамикалық суреттеуге тән. Портретке келетін болсақ, Б.Т.Қабатайдың «Көркем мәтіндердегі кейіпкер тілін талдау» мақаласында үш құрамдас бөлігін көрсетеді: адам денесі мен оның мүшелері; киген киімі; бет өзгерісі (мимика), қимылы (жест), дене тұрысы (поза). Алғашқы екеуі статикалық сипаттауға жатса, кейіпкердің бет өзгерісін, қимылын, дене тұрысын суреттеу динамикалық түрге жатады [8, 2]. Мысалы, Алпамыс батыр жырында Ұлтанның портреті төмендегідей суреттеледі:

*...Кеуделері кепедей,
Мұрындары төбедей,
Күрек тісі кетпендей,
Кеңірдегі перғауынның көріндей,
Отырған жері алты қанат үйдің төріндей,
Құлақтары қалқандай,
Мұрындары сығымдалған талқандай,
Көздері терең зындандай,
Басқан ізі от орнындай,
Аузы ошақтай,
Азуы пышақтай,*

*Мұрын тесігі үңгірдей,
Иегі сеңгірдей болды... (Алпамыс батыр).*

Міне бұл нағыз статикалық портрет, себебі, Ұлтанның ешқандай бет-бейнесіндегі өзгерістер байқалып тұрған жоқ.

Бұл сипаттау мәтінінде статикалық бейнелеудің құрылымдық элементтеріне жататын дене мүше атаулары (*кеуде, тіс, құлақ, көз т.б.*) және Ұлтанның портретін жасауға қатысқан теңеулер (*үңгірдей, көріндей, қалқандай, талқандай, ошақтай т.б.*) қолданылған. Теңеу арқылы оның дене тұрқы мен дене мүшелерін ғана сипаттап тұр. Ал, динамикалық портрет:

*...Жалғанышыда жан тәтті,
Өкіріп егіз жылады.
Қарсыласар күні жоқ,
Шағатұғын үні жоқ.
Қол-аяғы құрысып,
Ат үстінен бүрісіп,
Ерден ауып жылысып,
Егізбай жерге құлады... (Төрехан батыр).*

Мұнда қимыл, әрекет бар. Өкіріп жылау, қарсыласуға күш жетпей үнсіз қалуы – бет өзгерісі, яғни мимика. Ат үстінде қол-аяғы құрысып, бүрісіп отыру – Егізбайдың сол сәттегі дене тұрысы (позасы) болса, ат үстінен ауып құлауы секілді қимыл-әрекеті жан-жақты сипатталады.

Эпостық жыр туралы сөз болғанда батыр образы мен тұлпар образы қатар жүреді. Сол батырдың серігі – тұлпардың бейнесі, іс-әрекеті көркем сипаттау тәсілі арқылы беріледі. Алпамыс батыр жырында:

*...Омырауын иіскелеп,
«Жылдам мін» деп тістелеп,
Тұрды Шұбар айналып.
Алмадай мойны ұзарып,
Екі көзі қызарып,
Құйрығын салып сыртына,
Жан-жаққа тұрды таңланып.
Кіндігін тартып бауырына,
Құйрығын салып сауырына,
Жерді теуіп ысқырып,
Жын ұрғандай сандалып,
Темір үйдің ішінде
Жеті жыл жатқан қамалып.
Қырық арқан бойы зынданнан*

Егесін алды шығарып... - деп келетін үзіндіні алсақ, әңгімелеу-сипаттау-әңгімелеу формасында ұйымдасқан. Бұл мәтінде Байшұбарды сипаттау үлгісі басым. Ешбір жанға бағынбай жүрген иесіне адал, есті жануардың Алпамыстың иісі сіңген камзолын киген Қаракөзайымға еркелеуі, зынданда жатқан батырын құтқарып алуы айқын сипатталады. Бұл арада Шұбар аттың иесіне деген махаббаты «жылдам мін» деген ойы «тістелеу» дерегі арқылы жеткізілсе, оның иесіне деген алаңдаушылығы «жерді теуіп, ысқырып, сандалып» секілді тілдік бірліктер арқылы нақтылана түседі. Тұлпардың динамикалық сипаты -ып/-іп/-п тұлғалы көсемшенің (*иіскелеп, тістелеп, ұзарып, қызарып, теуіп ысқырып т.б.*) актив қолданысы арқылы жасалған.

Әңгімелеу мен сипаттау формасы батырлар жырында жиі қатарласа, кезектесе қолданылады, ал ойталқы үлгісі өте сирек кездеседі. Себебін түсіну үшін мысал келтірейік:

*«...Аһ ұрғанда аузынан
Түтіні шығып сұлудың,
Жүрегі кетті от жанып.
«Қара атты Қамбар қарамай*

*Не себептен кетті?», — деп,
Ашуы келді долданып.
«Ақша бетім қарайып
Қалды ма,- деп, — апырмай?!»,
Шарайнасын қолға алып,
Сұңқардай көзі сүзіліп,
Жыламай көңілі бұзылып,
Айнаға көзін тұр салып» (Қамбар батыр).*

Қамбар батыр жырынан алынған мысалда Назымның ішкі ой, өзіндік шешімі берілген. Бұл мәтін композициялық-сөйлеу формасы жағынан суреттеу-ойталқы-суреттеу түрінде ұйымдасқан. Осы мәтін бөлігіндегі мазмұн жырдағы оқиғаның өрбуіне түрткі болады. Қ.Мағзұмов пен О.Жармакин мәтін лингвистикасына арнаған оқу құралында «...кейіпкердің немесе автордың ішкі дүниесінің толғаныстарын, ой арпалысы, болмысқа көзқарасы т.с.с. ойлау үдерісіне негізделген көріністер орын алады» [3,56], Б.Шалабайдың «...оқиғаның дамуы емес, ой, тақырып, мәселенің дамуы бейнеледі» [9, 95] деген сөзі алынған мысалдың аралас ойталқы формасына жататындығын дәлелдейді.

*Баба Омар бабам-ай!
Жаңылдым ба тобам-ай?!
Ақыр жаудан бола ма,
Туғаннан менің қазам-ай?!
Алтыстағы анам-ай,
О да жауға бара ма?!
Құдай қосқан қосағым-ай,
Оны бір дұшпан ала ма?
Ноғайлының кең шәһарға
Сайын есен бара ма?
Жар бола көр, Аллам-ай?!... (Сайын батыр).*

Берілген үзіндіде Жоламанның жеткенін байқаған Ер Сайынның іштей өзі-өзіне сұрақ қойып, айналасымен тілдесуі берілген. Басты кейіпкердің ой арпалысы, істің шешімін өзінше қорытуы композициялық-сөйлеу формасының ойталқы түріне жатады. Бұл арада автор ойталқыны жасауда эмоциялы, лепті сөйлемдерге басымдық бере отырып, оқырманға жеткізер ойын риторикалық сұрақтармен шегелей жеткізеді. Кез-келген мәтінде композициялық-сөйлеу формаларының үшеуі де кездеседі, бірақ автордың немесе кейіпкердің ішкі жан дүниесінің шығармада бейнеленуі жазушы ой жүйріктігі мен шеберлігіне байланысты болғандықтан ойталқының бұл түрі жиі қолданыла бермейді.

Жырлардағы әңгімелеу, сипаттау, ойталқы деп жіктелетін композициялық-сөйлеу формаларын саралай келе, Б.Шалабайдың сөзімен айқындайтын болсақ, «Суреттеу – оқиға, құбылыстың кеңістіктегі дамуы болса, әңгімелеу – мезгілдік дамуы, ал, ойталқы – логикалық дамуы». Жырлардың композициялық құрылымын түзетін негіздік түрлерді - араласа, кезектесе қолданылып, мәтін тұтасымын, байласымын, элементтердің бір-бірімен ұласымын жүзеге асыратын сөйлеудің негізгі бірлігі ретінде тануға болады. Композициялық-сөйлеу формаларына тән белгілерді ашып, сипаттауда эпостық жырларды мәтін тұтасымы тұрғысынан зерттеу бүгінгі мәтін лингвистикасы саласындағы өзекті мәселелердің қатарына жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 203 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1999. - 581б.
3. Мағзұмов Қ., Жармакин О. Мәтін лингвистикасы: оқу құралы. – Павлодар, 2012. – 84 б.

4. Иванова Т.П., Брандес М.П. Стилистическая интерпретация текста. - М.: Высшая школа, 1991. – 144 с.
5. Виноградов В.В. О теории художественной речи. – М.: Высшая школа, 1971. – 249 с.
6. Гостева Т. Лингвостилистические особенности и текстообразующий потенциал пейзажных описаний в американской прозе XIX-XXI вв.: канд. дис. – Барнаул, 2007. – 229 с.
7. Маретбаева М. Әңгімелеу мәтіні: монография. – Қарағанды, 2013. – 168 б.
8. Қабатай Б.Т. Көркем мәтіндердегі кейіпкер тілін талдау // Электронды ресурс: http://www.rusnauka.com/8_NMIV_2013/Pedagogica/2_131794.doc.htm
9. Ахметова М. Мәтін лингвистикасы: оқу-әдістемелік құралы. – Орал, 2008. – 148б.
10. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық, II том. //Жауапты шығарушы: А.Айдашев. – Алматы: «Жазушы», 1986. - 288 б.
11. Бабалар сөзі // Электронды ресурс: <http://www.ikitap.kz>

ӘОЖ 83.0/84'52

ТІЛДІК ТҰЛҒА – ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

Қалидолла Әсел Дастанқызы

lady.asselya@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Бейсенбай А.Б.

Соңғы онжылдықта қазақ тіл білімінде түрлі ғылым салаларының жаңа бір нүктеде түйісіп, дамыған білім мен ғылым салаларынан синтезделген жаңа ғылым нысандарын синтездеу үрдісі байқалып келеді. Бұдан басқа тағы да маңызды құбылыс – барлық дерлік ғылым салаларында адамға қарай бетбұрыстар жасалып, антропоцентристік парадигмалар бой түзеп келе жатқандығы. Адамның болмысын тануға деген бағдар сан түрлі болып отыр. Бір жағынан жалпыадамзаттық мәселелер десек, екінші жағынан биологиялық мәселелер, үшіншіден психологиялық, төртіншіден, әлеуметтік және жеке адами тақырыптар, осылай таралып дамып келеді. Осылардың барлығында адам және адамның жеке тұлға ретіндегі болмысы орталық нысанға айналып келеді.

Тілдік тұлға, ғылыми ұғым ретінде қалыптасқаннан бастап, философияның, әлеуметтанудың, психологияның адамның тән мен жанының қасиеттерін зерттеген мәліметтерін тіл біліміне алып келіп, ендігі ретте осы жан дүние байлығының сәулеленуі коммуникация барысында ғана мүмкін болатыны туралы мәселені ғылыми нысанға айналдырды. Келесі кезекте сол ерекше феномендік құбылыстың жүзеге асырылу үдерісін тілдік тәсілдерін, психологиялық әсерін, әлеуметтік ықпалын біртұтастықта зерттеу қолға алына бастады.

Тіл білімінде адамның тұлғалық болмысы енді «тілдік тұлға» ретінде дербес зерттеу нысанына айналып отыр. Осы «тілдік тұлға» тақырыбының өзі тек тіл білімінің ғана емес, бірқатар ғылым саласының зерттеу нысанына айналып келеді. Бұл ретте психология, когнитивтік психология, психолингвистика, әлеуметтік лингвистика, философия, этнолингвистика, лингвомәдениеттаным т.б. көптеген ғылым салалары «тілдік тұлға» мәселесіне қатысты көптеген зерттеулер жүргізіп, мол деректер табылып, үлкен көрсеткіштерге қол жеткізілуде.

Жеке тұлға – қоғамдық ғылым салаларында ерекше сапа болмысындағы адам ретінде анықталады. Ондай адам басқа адамдармен бір әлеуметтік-мәдени ортада өмір сүре жүріп, басқа адамдармен қарым-қатынас жасай жүріп өзінің ерекше сапалылығын ашады, басқаларға да оны танытады. Осындай ерекше қасиеті арқылы жеке тұлға әлеуметтенген тұлғаға айналады. Бірақ айналып қана қоймайды, жалпы адам баласының қоғамда өмір сүруінің түпмәнін танытады. Ол өзінің биологиялық және әлеуметтік қасиеттердің